

**Батыс Қазақстан облысының әкімдігі  
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдердің  
туризм және экология облыстық орталығы**

«Бекітемін»  
ОБЖТжЭО-ның директоры  
\_\_\_\_\_ Ғ.И.Бекқалиев

«Келісілді»  
ОБЖТжЭО өлкетану бөлімінің меңгерушісі  
\_\_\_\_\_ Р.С Альмуханова

**«Туған өлкем»  
туристік-өлкетанулық үйірмесінің  
ТАҚЫРЫШТЫҚ - КҮНТІЗБЕЛІК  
ЖОСПАРЫ**

**Орындаған: А.А.Еркинғалиева**  
қосымша білім беру педагогы

Орал қаласы  
2019 - 2020 оқу жылы

## Түсінік хат

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Дені сау ұлт» үшін инфрақұрылымын дамытуға баса көңіл бөлінген. Балалар туризмі – ол – болашақ мамандар, ол – тарих пен өлкетану, ол – жеке тұлғаның дұрыс қалыптасуы, ол – тәрбие құралы.

**Бағдарламаның бағыты:** «Туған өлкем» туристік-өлкетану бағдарламасы туған өлкенің және қаланың тарихымен, танымал жерлестеріміздің өмірімен, өлке туралы аңыздармен, ата-бабамыздың салт-дәстүрі және әдет-ғұрпымен таныстырады. Оқушылар өздері тұрған қаланың тарихын танып, мәдениетімен танысады. Бағдарлама арқылы өздерін туған халқының бір бөлшегі, сол халық мұрасын сенімді сақтаушы және жалғастырушы тарихты білетін өз елінің азаматы екендігін сезінеді.

**Бағдарламаның мақсаты:**

**Білімділігі:** оқушыларды туристік-өлкетанулық қызметті меңгертуде туған өлкенің тарихи-мәдени және табиғи мұрасын оқып-үйрету, туристік дағдыларды, қоғамдық пайдалы істерге деген дағдыларды меңгерту, зерттелмеген тың тақырыптарды анықтау, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жетістіктері мен салт-дәстүрді сақтауда білімін тереңдету.

**Тәрбиелілігі:** оқушыларды елін, жерін сүйетін азаматылыққа, патриоттылыққа, тарихын қастерлейтін зеректілікке тәрбиелеу.

**Дамытушылығы:** туристік-өлкетанулық білімдерін дамыту, ойлау қабілетін шыңдау, сыни тұрғыдан зерделеу, шығармашылық, ізденімпаздық талабын қалыптастыру.

**Сарамандылығы:** шығармашылық қабілеттерін, интеллектуалдық мүмкіншілігі арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге, жорық, экскурсия, экспедиция жасауға, туристік техника негізіне, экологиялық сауаттылыққа бейімдеу.

**Міндеті:**

- өлке тарихы, орналасқан жері, аумағы, халқы, мәдениеті жөнінде білім беру;
- өлкенің мәдени-ағарту ісіне үлес қосқан адамдар жайлы материалдарды іздеу;
- жаңа технологиялық ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, мәлімет іздеуге дағдыландыру.

**Бағдарламаның өзектілігі:** Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан кейінгі «Ұлы даланың жеті қыры» жолдамасында айтылған тарихи жәдігерлер арқылы Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

**Күтілетін нәтиже:** білім алушылардың оқу-танымдық, сарамандық қызметінің нәтижесі туристік-өлкетанулық, экологиялық тәрбие деңгейімен және күнделікті өмірдегі туристік-өлкетанулық, экологиялық сауатты жүріс-тұрыстарымен анықталады.

**Оқушылар білуі тиіс:** ауыл шежіресін, жер-су аттарын, табиғи ерекшелігін тану, туристік құрал-жабдықтардың атауларын, не үшін қолдануын, қауіпсіздік ережесін білу, кіші Отаны туралы толық білу, өлке туралы іздестіру-зерттеу жұмысын жүргізу, байқауларға қатысу, мектеп музейін түрлі жәдігерлермен толықтыру.

**Бағдарламаның пайдаланылуы:** оқушының өлкетанулық білімін тереңдету үшін 5-8 сынып оқитын мектеп оқушыларына арналған «Өлкетану» оқулығына қосымша ретінде қарастыруға болады. Барлығы 76 сағат.

Бағдарламаны меңгерту үшін әдебиеттер көрсетілді.

## «Туған өлкем» үйірмесінің оқу тақырыптық-күнтізбелік жоспары

№ P/C	Бөлімдер және тақырыптар жоспары	Жалпы сағат саны	Сағат саны		Өтетін уақыты
			Теория	Практика	
<b>I-бөлім. Өлкетану және туризм</b>					
1	Кіріспе. Өлкетанудың зерттеу нысандары. Үйірме мүшелерін қауіпсіздік ережесімен таныстыру.	4	2	2	
2	Туризмнің қалыптасып, даму тарихы. Туризм және табиғатты қорғау. «Құстарды қыста тамақтандыру» акция ережесімен таныстыру.	4	-	4	
3	«Балалар туризмі тарихы» музейіне саяхат. Туристік маршруттар құру. Туристік жорықтағы алғашқы медициналық көмек.	4	2	2	
	<b>Барлығы</b>	<b>12</b>	<b>4</b>	<b>8</b>	<b>қаңтар</b>
<b>II-бөлім. «Даму жолындағы Қазақстан».</b>					
4	Елбасының Қазақстан халқына жолдауларына шолу жасау. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны. Елімнің тірегі - Елбасы! Менің Отаным - Қазақстан.	4	2	2	
5	Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Мыс, қола, темір дәуірлеріне саяхат. Ұлы Жібек жолы арқылы тараған мәдениеттер.	4	2	2	
6	«Алтын адам» ұлт мақтанышы. Археология және облыстық тарихи - өлкетану музейіне саяхат.	4	2	2	
7	Қазақ халқының рухани және материалдық мәдениеті туралы түсінік. Мектептегі музейге экскурсия жасау.	4	-	4	
	<b>Барлығы</b>	<b>16</b>	<b>6</b>	<b>10</b>	<b>ақпан</b>
<b>III-бөлім. «Батыс Қазақстан облысының табиғаты»</b>					
8	Батыс Қазақстан облысының климатының жыл мезгіліне	4	2	2	

	байланысты өзгеруі. «Облыстық экологиялық – биологиялық орталығына» саяхат.				
9	Батыс Қазақстан облысының өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен танысу. Батыс Қазақстан облысының өзен – көлдерінің қазіргі жағдайы.	4	2	2	
10	«Ғасыр жасаған – туған қалам» қала бойынша архитектуралық тарихи ғимараттарға экскурсия ұйымдастыру. «Сұрақ менен, жауап сізден» викториналық блиц сұрақтар.	4	-	4	
11	Облыстық Ж. Молдағалиев атындағы кітапхана және обыстық мұрағатпен танысу. Туған өлке туралы аңыз жинақтау.	4	2	2	
	<b>Барлығы</b>	<b>16</b>	<b>6</b>	<b>10</b>	<b>наурыз</b>
<b>IV-бөлім. «Орал қаласы – көне шаһар»</b>					
12	Орал қаласының өткені мен бүгінгі күні. Батыс Қазақстан облысына қарасты аудандар тарихы.	4	2	2	
13	Тарихи ескерткіштерді танып білу ұрпақ парызы. Облыстық тарихи - өлкетанану музейіне саяхат.	4	2	2	
14	Өңірімізге танымал ғылыми-мәдени қайраткерлер, ақын-жазушылар.	4	2	2	
15	«Туған жерді сүю парыз, Сүю үшін, білу парыз» Отбасылық құндылықтар. Жеті ата.	4	2	2	
	<b>Барлығы</b>	<b>16</b>	<b>8</b>	<b>8</b>	<b>сәуір</b>
<b>V-бөлім. «Туған өлкем» туристік эспедиция жасақтау. Қорытынды.</b>					
16	«Ер есімі, ел есінде!» Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған көрнекі сабақ. «Майдан даласында» кітаптармен таныстыру.	4	2	2	
17	Қазақстан мұражайлары	4	2	2	

18	«Шынықсаң шымыр боласың» табиғат аясындағы сайыс. Мұражайға экспонаттар тапсыру.	4	2	2	
19	Жазғы туристік-өлкетанулық экспедицияларға әзірлік жұмыстарын жүргізу. Жорық, экспедиция ұйымдастыру. Қорытынды.	4	2	2	
	<b>Барлығы</b>	<b>16</b>	<b>8</b>	<b>8</b>	<b>мамыр</b>
		<b>76</b>	<b>32</b>	<b>44</b>	